



**БІЛІКТІЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУ
ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

I. Жалпы ережелер

1. Осы біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және рәсімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - Әдістемелік ұсынымдар) кәсіптік біліктілікті тану орталықтарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Біліктілік бағдарламалары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту қағидаларының, сондай-ақ оларға қойылатын талаптардың негізінде әзірленеді (бұдан әрі - Қағидалар).

Біліктілік бағдарламаларының мазмұны тиісті кәсіптік стандарттардың білімге, машықтарға/дағдыларға және құзыреттерге қойылатын талаптарына, ал олар болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес айқындалады¹.

Біліктілік бағдарламаларының негізгі мақсаты кәсіптік біліктілікті тануға үміткер кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған жағдайда - белгілі бір жабдықты, әдіснаманы және (немесе) құралдарды пайдалана отырып, белгілі бір жұмыс жағдайларында білімді, машықтар мен дағдыларды қолдануға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін пайдаланылатын шаралар кешенін айқындау болып табылады.

2. Осы Әдістемелік ұсынымдарда мынадай терминдер мен ұғымдар қолданылады:

1) біліктілік бағдарламасы – кәсіптік біліктілікті тануға үміткер кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған жағдайда – белгілі бір жабдықты, әдіснаманы және (немесе) құралдарды пайдалана отырып, белгілі бір жұмыс жағдайларында білімді, машықтар мен дағдыларды қолдануға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін пайдаланылатын шаралар кешені;

2) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-қимылдарды орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

3) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен білікті қолдану қабілеті;

4) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілуімен қоса жүрмейтін білім беру түрі;

5) кәсіп – жеке тұлға жүзеге асыратын және оны орындау үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

6) кәсіптер тізілімі – кәсіптік біліктілікті тану жүзеге асырылатын кәсіптер бойынша электрондық нысанда жүйеленген ақпарат жиынтығы;

¹ Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары және белгілі бір жұмыс түрлерінің күрделілігі кәсіптік стандарттар негізінде, ал олар болмаған жағдайда Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары және ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары негізінде белгіленеді.

7) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте кәсіптік біліктілікті тану жөнінде басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат – кандидаттың кәсіптік біліктілігінің белгілі бір кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қойылатын талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

9) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

10) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі;

11) кәсіптік біліктілікті тану орталығы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген, кәсіптік біліктілікті тануды жүзеге асыратын заңды тұлға;

12) кәсіптік стандарт – нақты кәсіптік қызмет саласындағы білімге, машықтарға, дағдыларға, ресми және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беруді ескере отырып жұмыс тәжірибесіне, біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбектің мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

13) өтініш беруші – кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін аккредиттеуге өтінім берген заңды тұлға;

14) Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеуіші – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын қызметтердың атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыс түріне сәйкес дағдылардың деңгейі мен мамандануы бойынша жіктейтін стандарттау жөніндегі құжат;

15) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыларды қолдану қабілеті;

16) білік – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-қимылдарды дене және (немесе) ой күшімен орындау қабілеті;

17) формалды емес білім беру – білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдар жоспарлайтын, ұйымдастыратын және жүзеге асыратын, оқыту орны, мерзімі мен нысаны ескерілмей көрсетілетін және оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілуімен қоса жүретін білім беру түрі;

18) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасы – «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 4 шілдедегі Заңының 6-бабының 1-тармағында көзделген ақпаратты қамтитын және «career.enbek.kz» домендік атауымен орналасқан «Еңбек электрондық биржасы» бірыңғай жұмыспен қамту цифрлық платформасының порталы;

19) кәсіптік біліктілікті тануға үміткер кандидат (бұдан әрі – кандидат) – өзінің кәсіптік біліктілігін тану үшін ерікті түрде, өз бетінше немесе жұмыс берушінің жолдамасы бойынша жүгінген жеке тұлға.

3. Осы Әдістемелік ұсынымдарда мынадай аббревиатуралар мен қысқартулар қолданылады:

ББ - біліктілік бағдарламасы

ҰҚЖ -	Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеуіші
КС -	кәсіптік стандарт
КБТО -	кәсіптік біліктілікті тану орталығы
ҰҚП -	«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰБШ -	Ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ -	салалық біліктілік шеңбері

II. ББ әзірлеу процесі

4. ББ-ны өтініш беруші немесе жұмыс істеп тұрған КБТО (бұдан әрі – әзірлеуші) дербес өзі немесе мыналардың қатарынан әдіснамашыларды, консультанттарды және өкілдерді тарта отырып әзірлейді:

- салалық қауымдастықтар мен жұмыс берушілер бірлестіктері;
- сертификаттаумен және біліктілік берумен айналысатын ұйымдар;
- тиісті кәсіптік бағыт бойынша мамандар даярлауға маманданған білім беру ұйымдары.

ББ Қағидалармен бекітілген құрылымға және талаптарға сәйкес әзірленеді. Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бекітілген ББ құрылымы 5 тараудан тұрады:

- 1-тарау. Жалпы ережелер
- 2-тарау. Емтиханның теориялық кезеңі туралы мәліметтер
- 3-тарау. Емтиханның практикалық кезеңі туралы мәліметтер
- 4-тарау. Тұлғалық құзыреттерді бағалау
- 5-тарау. Бағалау критерийлері

5. Бірінші тарау «**Жалпы ережелер**» мынадай тәртіппен толтырылады:

5.1. «**Біліктілік бағдарламасының атауы**» бөлімінде, ББ атауы тиісті КС-та көрсетілген кәсіптің (мамандықтың) атауына немесе ҰҚЖ қызмет атауына сәйкес айқындалады, осыған байланысты тиісті КС атауы, ал ол болмаған жағдайда – белгілі бір жабдықты, бағдарламалық қамтылымды, әдіснаманы және (немесе) құралдарды пайдалана отырып, белгілі бір жұмыс жағдайларында білімді, машықтар мен дағдыларды қолдану жөніндегі біліктілік талаптарына сілтеме (біліктілік талаптарын қоса бере отырып) көрсетіледі;

5.2. «**Глоссарий**» бөлімі - осы ББ-да пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың, қысқартулардың тізбесін қамтиды;

5.3. «**Кәсіптік біліктілікті тану**» бөлімі ҰҚЖ-ға, КС-қа немесе біліктілік талаптарына сәйкес толтырылады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- кәсіптің коды;
- кәсіптің атауы;
- еңбек қызметінің түрі;
- ҰБШ/СБШ деңгейі көрсетіледі;
- еңбек функцияларының сипаттамасы;
- кәсіптік міндет²;

² Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 7.09.2023 жылғы № 377 бұйрығына сәйкес бекітілген КС үлгісінде «дағды» ұғымы «кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен білікті қолдану қабілеті» ретінде пайдаланылады

- машықтар;
- білім;
- жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар;
- тыйым салулар мен шектеулер.

Осы тармақтар бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі ұсынымдар осы Әдістемелік нұсқаулықтардың 1-қосымшасында берілген.

5.4. «Формалды емес білім беруді тану шарттары» және «Информалды білім беруді тану шарттары» бағандары формалды емес және (немесе) информалды білім беру нәтижелерін тану жөніндегі талаптар тиісті КС-та, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарында белгіленген жағдайда толтырылады³.

Ескертпе:

Формалды емес білім беруді тану үшін кандидат білім беру қызметтерін көрсететін ұйым берген оқуды аяқтағаны туралы сертификатты немесе куәлікті ұсынады.

Информалды білім беруді тану үшін кандидат тану орталығына еңбек функцияларын орындау шеңберіндегі дағдылардың (машықтар мен білімнің) сипаттамасын ұсынады.

5.5. «Жекелеген дағдыны немесе дағдылар тобын тану» кіші бөлімінің бағандары да бекітілген КС талаптарын немесе мемлекеттік органдар не жұмыс беруші белгілеген (КС болмаған жағдайда) біліктілік талаптарын ескере отырып, «Кәсіптік біліктілікті тану» бөлімі сияқты қағидат бойынша толтырылады.

Ескертпе:

Осы бөлім дағдыны немесе дағдыларды тану кәсіптік стандарттармен немесе біліктілік талаптарымен белгіленген жағдайда ғана толтырылады.

5.6. «Емтиханның құрылымы мен форматы» бағанында - емтихан екі кезеңнен – теориялық және практикалық кезеңдерден тұратындықтан, оның объективтілігін қамтамасыз ету үшін бүкіл емтихан рәсімі қалай ұйымдастырылатыны және өткізілетіні айқындалады, бұл ретте емтихан кезеңдерінің нысандары (ауызша, жазбаша, компьютерлік, практикалық немесе олардың үйлесімі), емтиханның форматы (онлайн және (немесе) офлайн) және әдістері (тестілеу, эссе, есептер шығару, дағдыларды көрсету және т.б.), ұзақтығы, емтихандардың теориялық және практикалық кезеңдері үшін сұрақтардың және (немесе) тапсырмалардың саны, сұрақтар мен тапсырмаларды орындау жөніндегі нұсқаулық, жауаптарды немесе тапсырмаларды орындау нәтижелерін бағалау критерийлері қысқаша сипатталады, бұл ретте емтиханның әрбір кезеңін тапсырудың ұзақтығы, шарттары мен реттілігі көрсетіледі.

Апелляциядан өту рәсімі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 374 бұйрығымен бекітілген Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына сәйкес жүргізілетінін атап өткен жөн.

5.7. «Пайдаланылатын жабдықтың тізбесі» бағанында емтихан өткізу үшін қажетті техникалық жарактандыру көрсетіледі, оның ішінде компьютерлік техника, серверлік және коммутациялық жабдық, арнайы аппаратура, аспаптар. Қажет болған жағдайда, егер тапсырмада көзделсе, тізбеге қосымша ретінде бұйымдарға немесе технологиялық процестерге арналған шығыс материалдарының, шикізаттың атауы мен саны енгізіледі.

³ Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 4 шілдедегі «Кәсіптік біліктіліктер туралы» Заңының 19-бабы

6. 2-тарау. «Емтиханның теориялық кезеңі туралы мәліметтер»

Кәсіптік біліктілікті тану немесе жекелеген дағдыны не дағдылар тобын тану рәсімі шеңберінде кандидаттар өздерінің теориялық білімін талаптарға сәйкес көрсетуге тиіс. Теориялық кезең кандидаттардың теориялық білімін КС (біліктілік талаптарының) талаптарына сәйкес бағалайды және мыналардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтиды:

- емтиханға жіберілген сәттен бастап емтихан нәтижелерін ұсынуға дейінгі теориялық емтиханды өткізу рәсімдері (нысандары мен тәсілдері), оның ішінде апелляция мәселелері;

- біліктілікті тану үшін қажетті КС немесе біліктілік талаптарының талаптарына сәйкес бөлімдер мен тақырыптар бойынша білімді бағалау сұрақтарын бөлудің форматы, саны және көлемі, нәтижелерді есептеу жөніндегі нұсқаулықпен қоса;

- теориялық емтихан үшін сұрақтардың немесе тапсырмалардың мысалдары.

6.1. «Теориялық кезеңді өткізу нысандары мен әдістерінің сипаттамасы» бағанында

ББ әзірлеушісі теориялық кезеңді өткізу нысаны мен әдістерін біліктіліктің ерекшелігін, КС мазмұнын және біліктілік талаптарын негізге ала отырып, дербес айқындайды.

Біліктілікті танудың теориялық кезеңі күндізгі (офлайн) және (немесе) қашықтықтан (онлайн) нысанда мынадай тәсілдермен өткізілуі мүмкін:

- жазбаша;
- ауызша;
- компьютерлік;
- аралас.

Теориялық емтиханның форматы біліктілікті тану шеңберінде білімнің мазмұндық салаларының (бөлімдердің, кіші бөлімдердің) тізбесін емтихан материалының түрлерін (ашық сұрақтар, бір және (немесе) бірнеше дұрыс жауабы бар көп таңдаулы тест сұрақтары, эссе, ситуациялық есептер, кейс-стади және т.б.) бөле отырып (үлес салмағы), емтиханның ұзақтығын, нәтижелерді есептеу критерийін және апелляцияны айқындайды.

6.2. «Теориялық тапсырмалардың мысалдары» бағаны - емтиханның теориялық кезеңінің таңдалған нысанына байланысты осы бағанда теориялық кезеңде пайдаланылатын емтихан материалының мысалдары оларды орындау жөніндегі нұсқаулықпен бірге беріледі.

Мысалы,

«Электромонтер (жалпы бейін)» біліктілігі бойынша тесттен алынған сұрақтар⁴:

1) «1000 В-қа дейінгі кернеудегі ЭҚ-да жұмыс жерге тұйықтауының жерге тұйықтағышын бас жерге тұйықтау шинасына қосатын жерге тұйықтау өткізгішінің қимасы»

⁴ осы мысал, сондай-ақ емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерінің кейінгі мысалдары осы Әдістемелік нұсқаулықтардың мәтіні бойынша үлгі болып табылмайды, эталон бола алмайды, болжамды әдіснаманы көрсету мақсатында келтірілген

Жауап нұсқалары:

- a) кемінде Мыс - 2мм², алюминий - 4 мм², болат - 5 мм²
- b) кемінде Мыс – 4 мм², алюминий - 4 мм², болат - 5 мм²
- c) кемінде Мыс - 10мм², алюминий - 16 мм², болат - 75 мм²
- d) кемінде Мыс - 12мм², алюминий - 20 мм², болат - 55 мм²
- e) кемінде Мыс - 14мм², алюминий - 26 мм², болат - 45 мм²

Дұрыс жауап: кемінде Мыс - 10мм², алюминий - 16 мм², болат - 75 мм²

2) Жарықтандыру электр сымдарын монтаждау мынадан басталады

- a) таңбалаудан
- b) сымдарды тексеруден
- c) тесу жұмыстарынан
- d) орнату жұмыстарынан
- e) жарықтандыру аспаптарын таңдаудан

Дұрыс жауап: таңбалаудан

Ауызша сұраққа жауап беру мысалы

«Сыртқы жарықтандыру желілеріне қойылатын талаптар»

Жауаптың қысқаша тезисі: Сыртқы жарықтандыру желілерін өздігінен ұсталатын оқшауланған сымдарды пайдалана отырып, кабельдік немесе әуе желілері түрінде орындау ұсынылады. Негізделген жағдайларда көшелерді, жолдарды, алаңдарды, шағын аудандар мен елді мекендердің аумақтарын жарықтандырудың әуе тарату желілері үшін оқшауланбаған сымдарды пайдалануға жол беріледі. Разрядты шамдары бар жарықтандыру аспаптарын қоректендіретін сыртқы жарықтандыру желілерінде бірфазалы тізбектерде нөлдік жұмыс өткізгіштерінің қимасы фазалық өткізгіштің қимасына тең болуға тиіс.

Жазбаша емтихан шеңберіндегі тапсырма мысалы

Эссе «Электр қозғалтқыштарының, май ажыратқыштарының жұмыс істеу негіздері» тақырыбына

Жауаптың тезисі: эссе мәтіні (*әзірлеуші айқындаған көлемде, мысалы, 800-1000 сөз*) электр қозғалтқыштарының жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын, олардың жіктелуін, май ажыратқыштарының жұмыс істеу қағидатын қамтуға, сондай-ақ осы құрылғылардың қауіпсіздігі мен техникалық қызмет көрсету мәселелерін қарастыруға тиіс.

Өндірістік сценарий:

«Тақырып «Электр қозғалтқышын орнату және оған қызмет көрсету»

Мақсаты: Қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, электр қозғалтқышын орнату және оған қызмет көрсету дағдыларын меңгеру.

Сценарий қадамдары:

1) Жұмыс аймағын дайындау:

- Электр қозғалтқышын орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі техникалық құжаттаманы зерделеу.
- Қажетті аспаптар мен жабдықты дайындау.
- Жеке қорғаныс құралдарының бар-жоғын және оларды дұрыс пайдалануды тексеру.

2) Электр қозғалтқышын дайындау:

- Электр қозғалтқышының негізгі сипаттамалары мен параметрлерімен

танысу.

- Қозғалтқыш компоненттерінің бүтіндігі мен жарамдылығын тексеру.
- Қозғалтқыштың электрлік параметрлерінің талаптарға сәйкестігін

тексеру.

3) Электр қозғалтқышын орнату:

– Қауіпсіздік талаптарын және қозғалтқыштың техникалық сипаттамаларын ескере отырып, орнату орнын таңдау және дайындау.

- Электр қозғалтқышын электр желісіне қосу.
- Қосудың және жерге тұйықтаудың дұрыстығын тексеру.

4) Іске қосу-баптау жұмыстары:

– Электр қозғалтқышының әртүрлі режимдердегі жұмысын тексеру.

– Қозғалтқыштың электрлік параметрлерін тексеру және оларды талаптармен салыстыру.

- Қажет болған жағдайда қозғалтқыш параметрлерін реттеу және баптау.

5) Қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету:

– Электр қозғалтқышына дайындаушының ұсынымдарына сәйкес мерзімді техникалық қызмет көрсетуді жүргізу.

- Тозған бөлшектер мен компоненттерді ауыстыру.
- Салқындату және майлау жүйесін тексеру және тазалау.

6) Жұмыстарды аяқтау:

– Электр қозғалтқышы жұмысының жарамдылығы мен қауіпсіздігін тексеру.

- Жұмыс аймағын жинау және аспаптарды жинақтау.
- Орындалған жұмыстар туралы есеп құжаттамасын толтыру.

Ескертпе: өндірістік сценарийді орындау кезінде барлық қауіпсіздік талаптарын сақтау маңызды. Жұмыстар тәжірибелі электромонтердің немесе сертификатталған нұсқаушының бақылауымен жүргізіледі».

Бұл мысалдар теориялық емтихан үшін пайдаланылуы мүмкін сұрақтардың әртүрлі нысандарын ұсынады.

ББ әзірлеушілері ББ-ның нақты талаптарына сәйкес теориялық емтиханның әртүрлі нысандарын пайдалана алады.

6.3. «Жекелеген дағдыны немесе дағдылар тобын тану» кіші бөлімінің бағандары «Кәсіптік біліктілікті тану» бөлімі сияқты қағидат бойынша толтырылады.

Ескертпе:

Осы бөлім дағдыны немесе дағдыларды тану кәсіптік стандарттармен немесе біліктілік талаптарымен белгіленген жағдайда ғана толтырылады.

7. 3-тарау. «Емтиханның практикалық кезеңі туралы мәліметтер»

ББ-ның осы тарауында есептеулерді орындау, жағдайды модельдеу және жағдайға жауап ретіндегі іс-қимылдар, сұхбат, тапсырманы практикалық орындау және т.б. сияқты практикалық машықтар мен дағдыларды тексеруге арналған тапсырмалардың түрлері мен мазмұны сипатталады.

7.1. Баған «Практикалық кезеңді өткізу нысандары мен әдістерінің сипаттамасы»

Біліктілікті растауға арналған емтиханның практикалық кезеңін өткізу – бұл кандидаттың кәсіптік құзыреттерін бағалаудың маңызды кезеңі. Әзірлеушілер практикалық кезеңнің мазмұнын айқындау кезінде емтиханның осы бөлігі мыналарды көздейтінін ескеруге тиіс:

- жұмыс материалдарын (аспаптарды) іріктеу және практикалық тапсырманы орындауға дайындалу және тапсырманы орындау жоспарын әзірлеу;
- жеке қорғаныс құралдарын таңдау (жеке қорғаныс құралдарының кездейсоқ жиынтығынан: көзілдірік, каска, қолғап, алжапқыш және т.б.);
- тапсырманы практикалық орындау;
- міндетті негізде жүргізілетін және кәсіптік біліктілікке қойылатын талаптарға (КС-та болған кезде, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарында) сәйкес тұлғалық құзыреттерді бағалау әдістерін қамтитын тұлғалық құзыреттерді бағалау.

Әзірлеушілерге кандидаттардың кәсіптік құзыреттерінің неғұрлым толық және объективті көрінісін алу үшін біліктіліктің ерекшелігін негізге ала отырып, әдістер мен нысандарды айқындау ұсынылады. Мұндай тәсіл кәсіптік қызметтің әртүрлі аспектілерін ескеруге және тану процесін барынша объективті етуге көмектеседі.

Практикалық тапсырма мынадай нысандарда болуы мүмкін:

- жұмыс міндеттерін және белгілі бір өндірістік сценарийлерді орындау және шешу;
- жобалар мен кейстерді әзірлеу;
- зертханалық жұмыстарды орындау;
- дала сынақтарын жүргізу;
- іскерлік ойындар мен интерактивті сценарийлерді өткізу;
- виртуалды немесе толықтырылған шынайылықты пайдалана отырып жұмыстарды жүргізу.

Практикалық кезеңді өткізу кезінде әртүрлі әдістер қолданылуы мүмкін, кейінгі бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету үшін әртүрлі әдістерді үйлестіру ұсынылады:

- бақылау - емтихан алушылар кандидаттың жұмысын нақты уақыт режимінде бақылап, оның іс-қимылдарын, шешімдері мен жұмыс әдістерін тіркейді;
- нәтижелерді бағалау – әрбір тапсырма немесе оны орындау сатысы алдын ала белгіленген, айқындалған критерийлер бойынша бағаланады.

Кандидаттар орындалған тапсырмаларға өз бағасын бере алады, сондай-ақ өз тәжірибесі және тапсырманы орындау процесінде алған сабақтары туралы айта алады. Бұл кандидаттың сыни ойлауын және өзін-өзі талдау қабілетін бағалауға көмектеседі, бұл тұлғалық құзыреттерді кейіннен бағалау үшін маңызды.

7.2. Баған **«Практикалық жұмыстардың тізбесі»** - әзірлеушілер біліктіліктің ерекшелігін негізге ала отырып толтырады, ол емтиханның осы кезеңіне шығарылатын практикалық жұмыстар мен тапсырмаларды қамтиды. Әзірлеуші практикалық жұмысты сипаттау үшін біліктілік бойынша технологиялық карта және (немесе) жекелеген дағды не дағдылар тобы бойынша

технологиялық карта қолданылатынын ескеруге тиіс, егер біліктілік бойынша технологиялық карта және (немесе) жекелеген дағды не дағдылар тобы бойынша технологиялық карта көзделмеген жағдайда, технологиялық карта практикалық жұмысты (жұмыстарды) сипаттау түрінде беріледі.

7.3. Баған «**Практикалық жұмыстарды орындауға арналған машықтар тізімі**» - КС-қа сәйкес, нақты кәсіп карточкасы бойынша еңбек функцияларының сипаттамасын негізге ала отырып немесе біліктілік талаптарына сәйкес айқындалады.

7.4. Баған «**Практикалық жұмысты орындауға арналған технологиялық картаның мысалы және сипаттамасы**»

Технологиялық карта практикалық жұмысты орындау алгоритмін схема түрінде сипаттайды, онда сатылар, шикізаттың немесе материалдардың саны, қажетті жабдықтың тізбесі, шарттар, процестер, дайын өнімге қойылатын талаптар, уақыт нормалары көрсетіледі. Бұл ретте жабдықты пайдалану жөніндегі, қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптар көрсетіледі. Технологиялық картаның (практикалық жұмысты/жұмыстарды сипаттаудың) нысаны мен мазмұнын әзірлеуші біліктіліктің ерекшелігін, практикалық тапсырманың мазмұны мен орындалу шарттарын негізге ала отырып айқындайды. Тапсырма өндірістік жағдайдың сипаттамасын қамтуы мүмкін.

Біліктілік бойынша технологиялық картаның және (немесе) жекелеген дағды не дағдылар тобы бойынша технологиялық картаның мазмұны тиісті кәсіптік стандарттың (бар болса) немесе біліктілік талаптарының мазмұнына сәйкес келуге тиіс.

Тапсырмада сипатталған шарттарды негізге ала отырып, мыналар көрсетілуі мүмкін:

- алынатын өнімнің немесе жүргізілген өндірістік процестің мақсаты мен арналуы;

- шығыс материалдары. Шығыс материалдарының тізімі берілетін материалдың атауын, оның санын және қажет болған жағдайда оның сипаттамаларын қамтуға тиіс. Берілетін материалдар көрсетілген техникалық құралдарда бөлінген уақыт ішінде тапсырманы толық орындауға мүмкіндік беруге тиіс;

- кандидаттың тапсырманы орындау нәтижесіне қойылатын талаптар. Қажет болған жағдайда тапсырманы орындаудың жекелеген кезеңдерін көрсету тәртібі мен уақыты және т.б. көрсетіледі.

- техникалық құралдардың, аспаптардың және шығыс материалдарының немесе технологиялардың тізбесі;

- қажет болған жағдайда, тапсырманың ерекшелігін негізге ала отырып, біліктілік талаптарына сәйкес ұсынылатын дереккөздер мен әдебиет беріледі - қолжетімді әдебиет пен ақпарат көздерінің тізімі, оның ішінде анықтамалықтар, нұсқаулықтар және т.б.

Мысалы, жекелеген дағды бойынша технологиялық картаны әзірлеу кезінде «Электромонтер» біліктілігі бойынша электрмонтаждау саласындағы практикалық дағдыларды көрсету және жабдықтың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету

мақсатында карта мыналарды қамтуы мүмкін:

1-кесте. «Электромонтер» біліктілігі бойынша практикалық жұмыстың технологиялық картасы

№ практикалық жұмыс:** Электр розеткасын қосу.

Жұмыстың мақсаты: электр қауіпсіздігі стандарттары мен қағидаларына сәйкес электр розеткасын қауіпсіз орнату және қосу дағдыларын көрсету.

Орындау кезеңдері:

1. Дайындық:

- Қажетті аспаптар мен материалдардың (розетка, сымдар, бұрауыштар, клеммалар және т.б.) бар-жоғын тексеру.
- Қауіпсіздік пен пайдалану ыңғайлылығын ескере отырып, розетканы орнату орнын бағалау.

2. Кабельді дайындау:

- Сымның қажетті ұзындығын өлшеу.
- Сым ұштарын розеткаға қосу үшін окшаулау және дайындау.

3. Розетканы орнату:

- Қабырғадағы монтаждау орнын айқындау және таңбалау.
- Розетканы бекіту үшін аспаптарды пайдалану.

4. Сымдарды қосу:

- Сымдарды қосудың дұрыс тәртібін айқындау (фаза, нөл, жерге тұйықтау).
- Сымдарды розетка клеммаларына бекіту.

5. Қосуды тексеру:

- Қосудың дұрыстығын тексеру үшін тестерді пайдалану.
- Жерге тұйықтауды және қысқа тұйықталулардың жоқтығын тексеру.

6. Жұмысты аяқтау:

- Розетканы белгіленген қалыпта бекіту.
- Бекітудің сенімділігін және люфттердің жоқтығын тексеру.

Бағалау критерийлері:

- Розетканы монтаждау мен қосудың дұрыстығы.
- Электр қауіпсіздігі қағидаларының сақталуы.
- Аспаптарды пайдалану дағдылары.
- Орындалған жұмыстың сапасы мен ұқыптылығы.
- Тиісті нормативтік құжаттарды білу және пайдалану.

Қауіпсіздік шаралары:

- Жеке қорғаныс құралдарын (қорғаныш көзілдірігі, қолғап) пайдалану.
- Жұмысты бастар алдында жұмыс аймағында электрмен қоректендіруді ажырату.
- Сымдарды мұқият окшаулау және қысқа тұйықталуларды болғызбау.

Келесі мысал 3-қосымшада келтірілген, ол «Наубайшы» біліктілігі бойынша технологиялық картаны білдіреді.

Бұл мысалдар нақты талаптар мен стандарттарға сәйкес бейімдеу қажет болатын өте жалпы контексті білдіреді.

Практикалық жұмыстың сипаттамасы мысалы кәсіптің, біліктіліктің практикалық тапсырмасының ерекшелігін және кандидат орындауға тиіс

міндеттердің түрін ескеруге тиіс екеніне назар аудару керек. Техникалық біліктіліктерге жатпайтын қызметшілер мен мамандар үшін практикалық жұмыс жұмысшы кәсіптері үшін қолданылатындардан біршама өзгеше болуы мүмкін. Негізгі мақсат сол күйінде қалады - практикалық жұмысты орындау жөнінде нақты және құрылымдалған нұсқаулық беру.

Қызметшілер мен мамандар үшін әзірлеу жөніндегі ұсынымдар:

Практикалық жұмысты әзірлеу кезеңдері:

1. Практикалық жұмысты орындау алдында қандай мақсат тұрғанын нақты айқындаңыз: талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, нақты міндеттерді орындау және т.б.

2. Жұмысты орындау кезеңдерінің реттілігін айқындаңыз. Бұл аналитикалық кезең, құжаттарды дайындау, клиенттермен өзара іс-қимыл немесе сіздің кәсібіңізге тән басқа да кезеңдер болуы мүмкін.

3. Жұмысты орындау үшін барлық қажетті материалдарды, құжаттарды және ресурстарды көрсетіңіз. Бұл есептерді, деректер базасын, бағдарламалық қамтылымды және басқа да материалдарды қамтуы мүмкін.

4. Егер жұмыс үшін белгілі бір кеңсе жабдығы немесе бағдарламалар талап етілсе, оларды көрсетіңіз.

5. Жұмысты табысты орындау үшін қажетті барлық шарттарды сипаттаңыз. Бұл интернетке қолжетімділік, ерекше бағдарламалар, жұмыс орны және т.б. болуы мүмкін.

6. Жұмысты орындау кезінде пайдалану қажет әдістер мен процестерді көрсетіңіз. Бұл аналитикалық әдістерді, коммуникациялық стратегияларды, жоспарлау әдістерін және т.б. қамтуы мүмкін.

7. Жұмыстың түпкілікті нәтижесі қандай болуға тиіс екенін сипаттаңыз. Бұл есеп, жоспар, аналитикалық материал, презентация, ситуациялық есептерді немесе практикалық кейстерді шешу және т.б. болуы мүмкін.

8. Жұмыстың әрбір кезеңін орындау үшін қажетті уақытты және бүкіл жұмысты орындаудың жалпы уақытын бағалаңыз.

7.5. Баған «Жабдықты пайдалану жөніндегі, қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптар»

Осы тармақ бойынша әзірлеушілер практикалық тапсырмалардың тізбесін және тиісті технологиялық карталарды ескере отырып, нақты жабдықты, шикізатты және жұмыстардың сипатын ескере отырып, емтихан өткізілетін нақты үй-жайда жабдықты (аспаптарды, құрылғыларды және т.б.) пайдалану жөніндегі және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптардың сипаттамасын қамтитын ақпаратты енгізуге тиіс.

8. 4-тарау. «Тұлғалық құзыреттерді бағалау»

Тұлғалық құзыреттерді бағалау міндетті негізде жүргізіледі және кәсіптік біліктілікке қойылатын талаптарға (КС-та болған кезде, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарында) сәйкес тұлғалық құзыреттерді бағалау әдістерін қамтиды.

Кәсіптік біліктілікті тану үшін де, жекелеген дағдыны немесе дағдылар тобын тану үшін де «Тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары мен әдістерінің сипаттамасы» және «Кәсіп шеңберінде бағалау жүргізуге арналған тұлғалық

құзыреттердің тізбесі» деген екі баған көзделген.

8.1. Баған «Тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары мен әдістерінің сипаттамасы» - әзірлеушілер тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары мен әдістерін кәсіптік біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес дербес айқындайды. Тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары мен әдістері кәсіптік біліктілікті тануға арналған емтиханды өткізуді ұйымдастыруға және кәсіптік стандарттардың талаптарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өткен маңызды. Бағалау теориялық және практикалық кезеңді өткізу шеңберінде жүргізілуі мүмкін.

Мысалы, кандидаттың коммуникативтік дағдылары, тұлғалық қатынастары және әртүрлі жағдайларға бейімделу қабілеті тексерілетін сұхбат, өзін-өзі бағалау тестілері сияқты тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары теориялық кезеңді өткізу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ теориялық және практикалық кезеңдерді өткізу кезінде тұлғалық құзыреттерді бағалаудың мынадай әдістерін пайдалану мүмкін: бақылау әдісі - бұл бағалаушы кандидаттың мінез-құлқын, дағдыларын және әртүрлі жағдайлардағы реакцияларын бағалау үшін емтихан кезінде оны бақылайтын әдіс, көпабоненттік бағалау әдісі - бұл кандидатты бірнеше бағалаушы бағалайтын, олар практикалық жұмыс немесе ауызша жауап не әңгімелесу процесінде оның құзыреттері мен дағдыларын бір-біріне тәуелсіз бағалайтын әдіс, ассессмент-орталық - бұл кандидат өз дағдылары мен құзыреттерін көрсету үшін теориялық және практикалық тапсырмалар шеңберінде іскерлік ойындар, бизнес-кейстер сериясынан өтетін әдіс.

8.2. Баған «Кәсіп шеңберінде бағалау жүргізуге арналған тұлғалық құзыреттердің тізбесі» - әзірлеушілер тұлғалық құзыреттердің тізбесін кәсіптің ерекшелігін негізге ала отырып, КС мазмұнын, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарын ескере отырып айқындайды.

9. 5-тарау. «Бағалау критерийлері»

Осы тарауда кандидаттың емтиханның теориялық және практикалық кезеңін орындау табыстылығының, білімінің, машықтары мен дағдыларының қажетті кәсіптік біліктілікке сәйкестігі критерийлеріне негізделетін қорытынды баға қалай қалыптастырылатыны көрсетіледі. Бағалау кезінде емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерінен өту, тұлғалық құзыреттерді бағалау үшін балдарды бөлудің үлестік градациясы айқындалады;

Бағалау критерийлерін әзірлей отырып, тапсырманың мазмұны бойынша тәжірибесі мен білімі бар сарапшылар мен сала өкілдерінің тікелей қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Бағалау критерийлері кандидаттың тапсырманы орындау дәрежесін айқындайтын көрсеткіштерді білдіреді.

Бағалау критерийлерін әзірлеу кезінде бірнеше негізгі қағидатты ескеру маңызды.

Бағалау критерийлерін әзірлеудегі бірінші қадам бағаланатын құзыреттерді айқындау болып табылады. Критерийлер нақты міндеттер мен біліктілікке қойылатын талаптарды көрсетуге тиіс.

Одан әрі бағалау жүргізілетін көрсеткіштерді айқындау керек. Көрсеткіштер тапсырманы орындау сапасымен, аспаптар мен материалдарды пайдаланумен, қауіпсіздік қағидаларының сақталуымен, жұмыстың тиімділігі мен дәлдігімен және

нақты мамандық пен біліктілік бойынша тапсырманың мазмұнына байланысты басқа да аспектілермен байланысты болуы мүмкін.

Критерийлердің сипаттамасы тапсырманы бағалау рәсімін жүргізу кезінде барлық ықтимал сұрақтар мен дауларды болғызбайтындай болуға тиіс. Объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін критерийлер нақты және айқын болуға тиіс. Бұл комиссия мүшелеріне бағалауды объективті және алдын ала белгіленген стандарттарға сәйкес жүргізуге көмектеседі. Критерийлер тапсырманы орындау деңгейіне сәйкес баға қойылатын кесте түрінде ұсынылуы мүмкін.

Бағалау критерийлеріне қосымша әрбір критерий үшін сипаттама әзірлеу ұсынылады. Сипаттамалар сарапшыларға әрбір бағалау критерийінің мазмұнын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Мысалы, «Жұмысты ұйымдастыру және басқару» критерийі үшін сипаттама мыналарды қамтуы мүмкін: «Өндірістің барлық кезеңдерінде сапа стандарттарын сақтау», «Жұмыс процесін оңтайландыру», «Өндірістің барлық аймақтары бойынша тиісті функцияларды тиімді орындау» және т.б.

Емтиханның теориялық кезеңінен өту үшін балдардың үлестік градациясын айқындау кезінде емтиханның теориялық кезеңінде сұрақтардың жалпы санынан 70%-дан (жетпіс пайыздан) астам дұрыс жауап жинаған кандидат емтиханның практикалық кезеңін тапсыруға жіберілетінін есте сақтау қажет.

Мысалы, теориялық емтиханды бағалаудың үлестік градациясы:

70 және одан төмен балл – «тапсырмады»

71 балл және одан жоғары – «тапсырды»

Мысалы, «Электромонтер» біліктілігі үшін

№	Критерийлер	Балл саны
A.	Қауіпсіздік	10
B.	Пайдалануға енгізу, іске қосу және баптау	25
C.	Схеманы әзірлеу	10
D.	Өлшемдер	5
E.	Жабдықты орнату	15
F.	Өткізгіштерді монтаждау және қосу	15
G.	Ақаулықтарды іздеу	10
H.	Бағдарламалау	10
Барлығы		100

Емтиханның практикалық кезеңінен өту үшін балдардың үлестік градациясын айқындау. Егер тапсырма бірнеше практикалық жұмысты көздесе, онда әрбір жұмыс жеке бағаланады. Бағалау критерийлері жалпы алғанда 100 балдық шкаланы білдіреді. Балдардың қорытынды сомасы практикалық жұмыстардың санына бөлінеді.

Емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерінің нәтижелері қорытынды бағаны қалыптастыру кезінде ескеріледі. Мысалы, теориялық бөліктің қорытындысы бойынша кандидат 73 балл жинайды. Практикалық бөліктің қорытындысы бойынша 72 балл:

$$73 + 72 = 145.$$

$$145 / 2 \text{ кезеңге бөлінеді} = 72,5.$$

Алынған балл саны нәтижелер бойынша қорытынды баға болып табылады

Нәтижелер бойынша қорытынды балл	Негізгі қорытынды
0-70	Біліктілік танылмады
71-100	Біліктілік танылды

10. Біліктілік бағдарламасын бекіту күні

ББ-ны КБТО ҰКП берген аккредиттеу аттестатын алған күннен кейін он жұмыс күні ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде бекітеді.

11. Біліктілік бағдарламаларын рәсімдеу

ББ-ны рәсімдеудің мынадай нормаларын қолдану ұсынылады:

– мәтін А4 форматындағы қағаз беттерінде баяндалады;

– бет белгіленімі - кітаптық бағдарда мынадай өлшемдегі жиектермен:

оң жағы - 15 мм, сол жағы - 25 мм, үстіңгі және астыңғы жағы - 20 мм;

– кестелер мынадай өлшемдегі жиектермен альбомдық бағдарда орындалуы мүмкін: оң жағы - 20 мм, сол жағы - 20 мм, үстіңгі жағы – 25 мм, астыңғы жағы - 15 мм;

– қаріп: кіріспе бөлігі - Times New Roman, қара түсті, кегль - 14, бірыңғай жоларалық интервалмен; негізгі бөлігі - Times New Roman, қара түсті, кегль - 12, бірыңғай жоларалық интервалмен;

– ББ-ның барлық тармақтары мен тармақшалары, сондай-ақ титулдықтан басқа беттер араб цифрларымен нөмірленеді; бет нөмірлері парақтың төменгі жағында ортасына қойылады; ББ атауы, бөлімдер мен кіші бөлімдердің атаулары қалың қаріппен ерекшеленеді.

Біліктілік бағдарламасының үлгісі**Біліктілік бағдарламасы****Кәсіптік біліктілікті тану орталығы***Мысалы: «XXXX. Сертификаттау орталығы» ЖШС, Алматы қ., XXXXXX көш., IXX***(толық атауы, заңды мекенжайы)****Кәсіптік стандарт (кәсіптік стандарттар)****немесе біліктілік талаптары***мысалы: «Электр жабдығын пайдалану және жөндеу» кәсіптік стандарты**«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының кк.аа.20жж. № XXX бұйрығына № XX қосымша кк.аа.20жж._***(құжаттардың толық тізбесі)**

1-тарау. «Жалпы ережелер»	
Біліктілік бағдарламасының атауы	<i>Пайдаланылатын КС және\немесе ҰҚЖ-дан алынған қызмет атауына сәйкес айқындалады</i>
Глоссарий	<i>ББ-да пайдаланылатын терминдер мен қысқартуларды қамтиды</i>
Кәсіптік біліктілікті тану	
Кәсіптің коды	<i>ҰҚЖ-дан алынған қызмет атауы мысалының 8 таңбалы кодын көрсету</i>
Кәсіптің атауы	<i>КС-қа сәйкес не ҰҚЖ-дан алынған қызмет атауына сәйкес көрсетіледі</i>
Еңбек қызметінің түрі	<i>КС бойынша не ҰҚЖ-дан алынған қызмет атауына сәйкес көрсетіледі</i>
ҰБШ/СБШ деңгейі	<i>КС-қа не біліктілік талаптарына сәйкес көрсетіледі</i>
Еңбек функциясы	<i>КС-қа не біліктілік талаптарына сәйкес көрсетіледі</i>
Кәсіптік міндет (КС-тың жаңа нысанында дағды)	<i>КС-қа не біліктілік талаптарына сәйкес көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 377 «Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «дағды» ұғымы пайдаланылады.</i>
Машықтар	<i>КС-қа не біліктілік талаптарына сәйкес көрсетіледі</i>
Білім	<i>КС-қа не біліктілік талаптарына сәйкес көрсетіледі</i>
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	<i>Еңбек өтіліне қойылатын талаптар тиісті кәсіптік стандарттармен, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарымен белгіленген жағдайда ғана көрсетіледі. Мұндай жағдайда кандидат еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынуға тиіс;</i>

	Өтілге, нақты технологиялармен немесе жабдықпен жұмыс істеуге қойылатын талап (мысалы, электромонтер үшін 5 рұқсат тобы – кернеуі 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларымен жұмыс істеу; токарь үшін – ЧПУ станоктарында жұмыс істеу)
Тыйым салулар мен шектеулер	Мысалы, денсаулық жағдайы бойынша шектеулер, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 379 «Ауыр жұмыстар, зиянды (аса зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстар, жерасты жұмыстары саласында еңбек шарттарын жасасу үшін, сондай-ақ декреттелген халық тобындағы адамдарды жұмысқа жіберу үшін медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» бұйрығы Басқа да себептер бойынша: мысалы, гид, туризм нұсқаушысы, экскурсовод тек Қазақстан Республикасының азаматы бола алады. (2001 жылғы 13 маусымдағы № 211-II ҚРЗ 23-бабы) «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгілі бір жұмыс түрлерін орындау үшін жас бойынша шектеулер
Формалды емес білім беруді тану шарттары	Формалды емес білім беру нәтижелерін тану жөніндегі талаптар тиісті кәсіптік стандарттармен, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарымен белгіленген жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда осы бағанда кандидаттың кәсіптік біліктілікті тану шеңберінде формалды емес білім беруді тану туралы шешім қабылдау үшін білім беру қызметтерін көрсететін ұйым берген оқуды аяқтағаны туралы сертификатты немесе куәлікті ұсынаатынын жазу қажет. КБТО формалды емес білім берудің кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкестігі бағаланатын критерийлердің сипаттамасын дербес айқындайды. Мысалы: формалды емес білім беруді тану рәсімінің сипаттамасы (портфолио, сұхбат және т.б.) Құжаттар формалды емес білім берудің дәлелі ретінде қабылданбайтын оқудың немесе практиканың ескіру мерзімдерін көрсету. Апелляция рәсімі Формалды емес білім беру туралы құжаттар мен куәліктердің түпнұсқалығын тексеру (верификациялау) тетігі
Информалды білім беруді тану шарттары	Информалды білім беру нәтижелерін тану жөніндегі талаптар тиісті кәсіптік стандарттармен, ал олар болмаған жағдайда – біліктілік талаптарымен белгіленген жағдайда толтырылады.

	<i>Бұл жағдайда осы бағанда кандидаттың алынған оқыту нәтижелерінің сипаттамасын ұсынаатынын жазу қажет.</i> <i>КБТО информалды білім берудің кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкестігі бағаланатын критерийлердің сипаттамасын дербес айқындайды. Мысалы, информалды білім беруді тану рәсімінің сипаттамасы (портфолио, сұхбат және т.б.)</i> <i>КБТО құжаттар информалды білім берудің дәлелі ретінде қабылданбайтын оқудың немесе практиканың ескіру мерзімдерін көрсетуді, информалды білім беру туралы құжаттар мен куәліктердің түпнұсқалығын тексеру (верификациялау) тетігін айқындай алады;</i> <i>Апелляция рәсімі.</i>
Жекелеген дағдыны немесе дағдылар тобын тану	
Кәсіптік міндет (КС-тың жаңа нысанында дағды)	-
Машықтар	-
Білім	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	-
Тыйым салулар мен шектеулер	-
Формалды емес білім беруді тану шарттары	-
Информалды білім беруді тану шарттары	-
Емтиханның құрылымы мен форматы	<i>Біліктіліктің ерекшелігін негізге ала отырып, ББ әзірлеушілері тікелей айқындайды,</i>
Пайдаланылатын жабдықтың тізбесі	<i>Тапсырманы орындау тұрғысынан қажетті техникалық құралдардың, аспаптардың және шығыс материалдарының тізбесі (бір кандидатқа шаққанда) беріледі. Қажет болған жағдайда, егер тапсырмада көзделсе, тізбеге қосымша ретінде бұйымдарға немесе технологиялық процестерге арналған шикізаттың атауы мен саны енгізіледі.</i> <i>Мысалы, «Электромонтер» біліктілігі үшін тізбе жабдықтың аса күрделі және жауапты тораптарын, бөлшектері мен элементтерін жылжыту, бөлшектеу және орнату жөніндегі такелаж жұмыстарын орындау үшін немесе бу-күш қондырғыларын пайдалану үшін қажетті аспаптар мен құрылғылардың тізімімен толықтырылады;</i> <i>«Аспаз» біліктілігі үшін тізбе тағамдарды дайындау және сервистеу үшін қажетті өнімдер мен ыдыстардың тізімімен толықтырылады.</i>
2-тарау. «Емтиханның теориялық кезеңі туралы мәліметтер»	
Кәсіптік біліктілікті тану	
Теориялық кезеңді өткізу нысандары мен әдістерінің сипаттамасы	<i>Теориялық кезеңді өткізу нысандары мен әдістері осы Әдістемелік нұсқаулықтардың 2. Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу процесі бөлімінде келтірілген (жоғарыдан қараңыз)</i> <i>Апелляция рәсімі</i>

Теориялық тапсырмалардың мысалдары	<i>Осы Әдістемелік нұсқаулықтардың 2. Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу процесі бөлімінде келтірілген (жоғарыдан қараңыз)</i>
Жекелеген дағдыны немесе дағдылар тобын тану	
Теориялық кезенді өткізу нысандары мен әдістерінің сипаттамасы	-
Теориялық тапсырмалардың мысалдары	-
3-тарау. «Емтиханның практикалық кезеңі туралы мәліметтер»	
Кәсіптік біліктілікті тану	
Практикалық кезенді өткізу нысандары мен әдістерінің сипаттамасы	<i>Практикалық кезенді өткізу нысандары мен әдістері осы Әдістемелік нұсқаулықтардың 2. Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу процесі бөлімінде келтірілген (жоғарыдан қараңыз) Апелляция рәсімі</i>
Практикалық жұмыстардың тізбесі	<i>Біліктіліктің ерекшелігін негізге ала отырып, әзірлеуші айқындайды</i>
Практикалық жұмыстарды орындауға арналған машықтар тізімі	<i>КС-қа немесе біліктілік талаптарына сәйкес айқындалады</i>
Практикалық жұмысты орындауға арналған технологиялық картаның мысалы және сипаттамасы	<i>Осы Әдістемелік нұсқаулықтардың 2. Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу процесі бөлімінде келтірілген (жоғарыдан қараңыз)</i>
Жабдықты пайдалану жөніндегі, қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптар	<i>Нақты жабдықты, шикізатты және жұмыстардың сипатын ескере отырып, емтихан өткізілетін нақты үй-жайда жабдықты (аспаптарды, құрылғыларды және т.б.) пайдалану жөніндегі және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптар сипатталады.</i>
Жекелеген дағдыны немесе дағдылар тобын тану	
Практикалық кезенді өткізу нысандары мен әдістерінің сипаттамасы	-
Практикалық жұмыстардың тізбесі	-
Практикалық жұмыстарды орындауға арналған машықтар тізімі	-
Практикалық жұмысты орындауға арналған технологиялық картаның мысалы және сипаттамасы	-
4-тарау. «Тұлғалық құзыреттерді бағалау»	
Кәсіптік біліктілікті тану	
Тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары мен әдістерінің сипаттамасы	<i>Тұлғалық құзыреттер – өзінің тұлғалық әлеуетін барынша толық іске асыруды, өмірлік және кәсіптік міндеттердің кең ауқымын табысты шешуді, тұтастай алғанда өнімді өмір сүруді (оның ішінде өнімді кәсіптік қызметті) қамтамасыз ететін</i>

	сипаттамалардың (білім, машықтар мен дағдылар, уәждер, құндылықтар мен қатынастар) үйлесімі. Тұлғалық құзыреттерді бағалаудың ықтимал нысандары мен әдістері: 1. Сауалнама жүргізу: кандидат оның тұлғалық құзыреттері туралы, мысалы, өзін-өзі дамытуға қабілеті, коммуникативтік дағдылары, ұжымда жұмыс істей білуі және т.б. туралы сұрақтарды қамтитын сауалнаманы толтырады. Сауалнама құрылымдалған (жауап нұсқаларын таңдаумен) немесе ашық (еркін жауап беру мүмкіндігімен) болуы мүмкін. 2. Бақылау: емтихан алушы немесе өзге сарапшы кандидатты әртүрлі тапсырмаларды орындау немесе басқа емтихан тапсырушылармен өзара іс-қимыл жасау процесінде бақылайды. Бақылау көшбасшылық, толеранттылық, ынтымақтасуға қабілет және т.б. сияқты кейбір маңызды құзыреттерді бағалауға мүмкіндік береді. 3. Әңгімелесу: сарапшы кандидатпен жеке немесе топтық әңгімелесу жүргізеді, оның барысында оның тұлғалық құзыреттерін бағалайды. Әңгімелесу кезінде аналитикалық ойлау, эмоцияларды басқару, сыни ойлауға қабілет және т.б. сияқты қасиеттерді анықтауға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. 4. Портфолио: кандидат оның тұлғалық құзыреттерін растайтын құжаттар қамтылған портфолионы жинайды және ұсынады. Бұл әртүрлі тренингтерге қатысқаны туралы сертификаттар, орындалған жобалардың нәтижелері, әріптестердің пікірлері және т.б. болуы мүмкін. 5. Тестілеу: кандидатқа оның тұлғалық құзыреттерін бағалауға мүмкіндік беретін әртүрлі психологиялық тесттерден өту ұсынылады. Тестілеу жазбаша тест түрінде де, онлайн-тестілеу түрінде де жүргізілуі мүмкін. 6. Жазбаша жұмыстарды талдау: кандидат аналитикалық ойлау, креативтілік, ұйымдастырушылық дағдылар және т.б. сияқты өзінің тұлғалық құзыреттерін көрсететін жазбаша жұмыстарды ұсына алады. 7. Іскерлік ойындар мен симуляцияларды бағалау: кандидат оның шешім қабылдау, проблемаларды шешу, уақытты басқару және т.б. қабілетін бағалауға мүмкіндік беретін іскерлік ойындарға немесе симуляцияларға тартылуы мүмкін. 8. Әріптестердің немесе жолдастардың пікірі: кандидатты онымен бірге жұмыс істейтін әріптестері немесе жолдастары бағалауы мүмкін. Олар оның тұлғалық құзыреттерін бағалау үшін сауалнамаларды толтыруы немесе сұхбат жүргізуі мүмкін. Тұлғалық құзыреттерді бағалаудың осы нысандары мен әдістерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды және ұсынымдық сипатта болады. КБТО тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары мен әдістерін кәсіптің ерекшелігін негізге ала отырып, кәсіптік стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда – белгілі бір
--	--

	жабдықты, әдіснаманы және (немесе) құралдарды пайдалана отырып, белгілі бір жұмыс жағдайларында білімді, машықтар мен дағдыларды қолдануға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып дербес айқындайды.
Кәсіп шеңберінде бағалау жүргізуге арналған тұлғалық құзыреттердің тізбесі	Кәсіп шеңберінде мыналарды қоса алғанда, әртүрлі тұлғалық құзыреттерді бағалау ұсынылады: 1. Коммуникативтік дағдылар: өз ойын тиімді және айқын жеткізе білуді, басқаларды тыңдай және түсіне білуді, әріптестерімен және басқалармен байланыс орнатуды және қолдауды бағалау. 2. Басқарушылық дағдылар: шешім қабылдау, уақыт пен ресурстарды басқару, жұмысты ұйымдастыру және басқа адамдардың іс-қимылдарын үйлестіру қабілетін бағалау. 3. Бейімделу дағдылары: икемділікті және өзгерістерге бейімделу қабілетін, күйзелісті басқара және қиындықтарды еңсере білуді, сондай-ақ өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі басқаруға қабілетті бағалау. 4. Командалық дағдылар: командада жұмыс істеу, басқалармен ынтымақтасу, өзара қарым-қатынас орнату және қолдау, дауларды шешу және бірлескен мақсаттарға қол жеткізу қабілетін бағалау. 5. Этикалық нормалар мен құндылықтар: этикалық қағидаттардың, кәсіптік этика мен әлеуметтік нормалардың сақталуын, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттер мен қоғамдық құндылықтарды түсінуді және құрметтеуді бағалау. 6. Креативтілік және инновациялылық: стандартты емес ойлау, жаңа идеялар мен шешімдерге келу, жұмысқа инновациялық тәсілдер табу қабілетін бағалау. 7. Көшбасшылық дағдылар: басқаларды бастай және шабыттандыра білу, бастама көтеру, өз іс-қимылдары үшін жауапкершілік алу және шешім қабылдау қабілетін бағалау. 8. Аналитикалық дағдылар: ақпаратты талдау, қорытынды жасау, деректер мен фактілер негізінде негізделген шешімдер қабылдау қабілетін бағалау. 9. Күйзелісті басқару: өз эмоциялары мен күйзелісін тиімді басқару, күрделі жағдайларда сабырлықты және өнімділікті сақтау қабілетін бағалау. 10. Ұйымдастырушылық дағдылар: өз жұмысын жоспарлай білуді, уақытты басқаруды, міндеттер мен ресурстарды ұйымдастыруды, ұйымшыл және тәртіпті болуды бағалау Және кәсіптің ерекшелігін негізге ала отырып басқа да дағдылар. Тұлғалық құзыреттерді бағалаудың осы нысандары мен әдістерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды және ұсынымдық сипатта болады.

	<i>КБТО тұлғалық құзыреттердің тізбесін кәсіптің ерекшелігін негізге ала отырып, кәсіптік стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда – белгілі бір жабдықты, әдіснаманы және (немесе) құралдарды пайдалана отырып, белгілі бір жұмыс жағдайларында білімді, машықтар мен дағдыларды қолдануға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып дербес айқындайды.</i>
Жекелеген дағдыны немесе дағдылар тобын тану	
Тұлғалық құзыреттерді бағалау нысандары мен әдістерінің сипаттамасы	-
Жекелеген дағды немесе дағдылар тобы шеңберінде бағалау жүргізуге арналған тұлғалық құзыреттердің тізбесі	-
5-тарау. «Бағалау критерийлері»	
Теориялық кезенді бағалауға қойылатын талаптар	<i>2.3. «Бағалау критерийлерін әзірлеу» бөлімін қараңыз</i>
Емтиханның теориялық кезеңінен өту үшін балдардың үлестік градациясын айқындау	<i>2.3. «Бағалау критерийлерін әзірлеу» бөлімін қараңыз</i>
Практикалық кезенді бағалауға қойылатын талаптар	<i>2.3. «Бағалау критерийлерін әзірлеу» бөлімін қараңыз</i>
Емтиханның практикалық кезеңінен өту үшін балдардың үлестік градациясын айқындау	<i>2.3. «Бағалау критерийлерін әзірлеу» бөлімін қараңыз</i>
Тұлғалық құзыреттерді бағалауға қойылатын талаптар	<i>2.3. «Бағалау критерийлерін әзірлеу» бөлімін қараңыз</i>
Тұлғалық құзыреттерді бағалаудан өту үшін балдардың үлестік градациясын айқындау	<i>2.3. «Бағалау критерийлерін әзірлеу» бөлімін қараңыз</i>
Кәсіптік біліктілікті танудың қорытынды бағасын қалыптастыру сипаттамасы	<i>2.3. «Бағалау критерийлерін әзірлеу» бөлімін қараңыз</i>
Біліктілік бағдарламасын бекіту күні	<i>Біліктілік бағдарламасын тану орталықтары Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы берген аккредиттеу аттестатын алған күннен кейін он жұмыс күні ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде бекітеді.</i>

**Кәсіптік біліктілікті тану орталығының бекітілген
біліктілік бағдарламаларының тізбесі**

(толық атауы, заңды мекенжайы)

Р/с №	Біліктілік бағдарламасыны ң атауы	Кәсіп	Кәсіптік стандарт (кәсіптік стандарттар) бар болса	Біліктілік талаптары	ҰБШ/СБШ деңгейі

«Наубайшы» біліктілігі бойынша технологиялық карта

№ p/c	Шикізаттың атауы	Брутто массасы (г)	Нетто массасы (г)	Жартылай фабрикаттың немесе дайын бұйымның массасы (г)	3 порцияға нетто салмағы (г)	Тағамды (аспаздық бұйымды) дайындау технологиясы Тағамның атауы: Үй тоқашы
1	Қамыр			215		Дайындау технологиясы: Шикізат технологиялық нұсқаулықтарға және рецептуралар жинағына сәйкес дайындалады Қамыр: қамыр илеу аппаратының дежасына барлық сусымалы шикізат салынады, судың жартысы біртіндеп құйылады, 1-жылдамдықта 4 минут араластырылады, май құйылады, араластырылады, судың қалдығы құйылады және қамыр 2-жылдамдықта тағы 10 минут иленеді. Қамыр ашуы үшін 20 минутқа қалдырылады. Бөліктеу: қамыр бөліктерге бөлінеді және пішінделеді Ашыту: 30-35°C температурада, ылғалдылығы 75 % Пісіру: пісіру алдында меланжбен майланады, 180°C температурада бұмен 15 минут, 200°C-та бұсыз 20 минут. Сапаға қойылатын талаптар: Сыртқы түрі: пішіні сәйкес, жарықтарсыз және жарылуларсыз, беті жылтыр Жұмсағының жай-күйі: піскен, ұстағанда дымқыл емес. Серпімді, саусақпен жеңіл басқаннан кейін жұмсағы бастапқы пішінін қабылдауға тиіс. Түйіршіктерсіз және иленбеген іздерсіз. Дамыған, қуыстарсыз және тығыздалуларсыз. Иісі: осы бұйым түріне тән, бөгде иіссіз. Дәмі: осы бұйым түріне тән, бөгде дәмсіз. Түсі: ашық қоңырдан қою қоңырға дейін
2	Жоғары сұрыпты бидай ұны	39	39		117	
3	Қант-құм	8	8		24	
4	Маргарин 82 %	7	7		21	
5	Тауықтың тағамдық жұмыртқасы	24/10	24/10		72	
9	Ванилин	0,01	0,01		0,03	
10	Себуге арналған қант-құм	40	40		120	
11	Ас тұзы, тағамдық	0,5	0,5		1,5	

12	<i>Ашытқы инстантты</i>	3	3		9	
13	<i>Ауыз су</i>	20	20		60	
<i>Шығымы</i>				200		